

Копжасарова Сагынгуль Избасаровнаның
«Оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізудегі борышкердің
мәмілелерінің жарамсыздығы» тақырыбындағы «8D04201-Құқықтану» білім
беру бағдарламасының философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу
үшін дайындалған диссертациялық жұмысына

ПІКІР

1. Тақырыптың өзектілігі, оның құқықтық жүйені дамытудағы рөлі, диссертация мазмұнының зерттеу тақырыбына және бекітілген тапсырмаға сәйкестігі. Құқықтық механизмді жетілдіру қажеттіліктеріне сүйене отырып, осы тақырыпты әзірлеу қажеттілігі.

С.И. Копжасарованың диссертациялық зерттеуі оңалту және банкроттық рәсімдері аясында борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың құқықтық мәселелерін зерттеуге арналған. Бұл тақырып кредиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, борышкердің мүліктік массасын сақтау, сот практикасының бірізділігін қамтамасыз ету және банкроттық рәсімдерінің нәтижелілігін арттыру тұрғысынан айрықша өзекті болып табылады.

Қазіргі кезеңде экономикалық қатынастардың күрделене түсуі, қаржылық тәуекелдердің артуы, үлестес тұлғалар арқылы активтерді шығару жағдайларының жиілеуі борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану тетігін құқықтық тұрғыдан қайта пайымдауды талап етеді. Бұл мәселе жекелеген азаматтық-құқықтық даулар шеңберінде ғана емес, сонымен қатар құқықтық тұрақтылықты, әділеттілікті және нарық субъектілерінің құқықтық сенімін қамтамасыз ету тұрғысынан да ерекше маңызға ие. Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясатты жетілдіру, кәсіпкерлік ортаның тұрақтылығын нығайту, кредиторлар мен борышкерлер арасындағы мүдделер теңгерімін сақтау міндеттерімен де сабақтас. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбына, қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді. Диссертация құрылымында тақырыптың теориялық негіздері, материалдық-құқықтық аспектілері және құқық қолдану тетіктері жүйелі түрде қамтылған. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбына, қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді.

2. Жұмыс құрылымының негізгі ерекшеліктері, бөлімдердің (тараулардың) қысқаша сипаттамасы, жұмыс тақырыбының бөлімдердің мазмұнына сәйкестігі. Тақырыптың қажетті сұрақтарының толықтығы.

Диссертациялық зерттеудің бірінші тарауында оңалту және банкроттық рәсімдеріндегі борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың теориялық-құқықтық негіздеріне талдау жасалған. Бұл тарауда аталған институттың тарихи-құқықтық қалыптасуы, азаматтық құқықтағы мәмілелердің жарамсыздығы мен оңалту және банкроттық рәсімдеріндегі мәмілелерді даулаудың құқықтық табиғаты, сондай-ақ кредиторлар мүдделерін қорғау теориялары және олардың борышкер мәмілелерін даулауға ықпалы қарастырылған. Сонымен қатар, отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне, құқықтық доктринаға және

қолданыстағы құқықтық тәсілдерге салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізілген. Автор борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының құқықтық табиғатын ашуға ұмтылып, оның жалпы азаматтық-құқықтық конструкциялармен арақатынасын негіздеген.

Диссертациялық жұмыстың екінші тарауында оңалту және банкроттықтағы борышкер мәмілесін жарамсыз деп танудың материалдық-құқықтық негіздері қарастырылған. Аталған тарауда борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың жалпы негіздері мен арнайы негіздерінің арақатынасы ашылып, арнайы негіз бойынша жарамсыз деп танылатын мәмілелердің түрлеріне жан-жақты талдау жасалған. Автор жалпы азаматтық-құқықтық жарамсыздық нормалары мен банкроттық заңнамасындағы арнайы негіздердің өзара байланысын, олардың бәсекелесу және бірін-бірі толықтыру жағдайларын қарастырған. Сонымен қатар, арнайы негіздер бойынша дауланатын мәмілелердің мазмұндық ерекшеліктері, оларды саралау өлшемдері және құқық қолдану практикасына тән мәселелер жүйелі түрде зерттелген. Бұл тарауда отандық және шетелдік құқықтық реттеуге, ғылыми көзқарастарға және сот практикасына сүйене отырып, автордың өз тұжырымдары мен ұсыныстары берілген.

Жұмыстың үшінші тарауында борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану тетігін іске асыру және ұлттық құқықтық модельді жетілдіру мәселелері қарастырылған. Диссертант борышкер мәмілелерін даулаудың субъектісіне, оны жүзеге асырудың юрисдикциялық және мерзімдік шектеріне, оңалту және банкроттықтағы мәмілелерді жарамсыз деп танудың құқықтық салдарларына, сондай-ақ адал ниетті контрагенттердің құқықтарын қорғау мәселелеріне тоқталған. Бұл тарауда құқық қолдану тәжірибесінде туындайтын өзекті мәселелер талданып, оларды шешудің ғылыми негізделген жолдары ұсынылған. Сонымен бірге автор ұлттық құқықтық модельді жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар жасап, борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану тетігін құқықтық және практикалық тұрғыдан жетілдірудің бағыттарын айқындаған.

Жалпы жұмыстың құрылымы зерттеу жүргізу логикасына сәйкес келеді, зерттеуде қойылған мақсатқа қол жеткізілген және автор белгіленген міндеттерді толық орындаған. Диссертацияда көтерілген мәселелер өзара мазмұндық сабақтастықта қарастырылып, зерттеу тақырыбынан ауытқымай, оны толық көлемде ашуға мүмкіндік берілген.

3. Тақырып мәселелерін баяндаудың теориялық негізділігі, дереккөздерді қолдана білу. Зерттеу тақырыбына дереккөздерінің сәйкестігі.

Диссертацияны дайындау барысында автор зерттеу тақырыбына қатысты кең көлемдегі нормативтік, доктриналық және практикалық материалдарды пайдаланған. Жұмыста Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы, банкроттық туралы заңнамасы, шетелдік құқықтық реттеу тәжірибесі, халықаралық құжаттар, ғылыми әдебиеттер және сот практикасы материалдары қамтылған. Автор отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін жан-жақты талдап, оларды диссертация мазмұнында орынды пайдаланған. Дереккөздерді қолдану формальды сипатта емес, нақты ғылыми мәселелерді негіздеудің құралы ретінде көрінеді. Бұл зерттеудің теориялық базасының жеткілікті екенін көрсетеді.

4. Практикалық материалды талдау әдістерін меңгеру дәрежесі: тереңдігі, жүйелілігі, есептілікті қолдана білуі.

Докторант зерттеу әдістерін дұрыс таңдап, оларды орынды қолдана білген. Жұмыста формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық, жүйелік-құрылымдық, талдау және жинақтау әдістері, сондай-ақ сот практикасын зерделеу тәсілдері пайдаланылған. Практикалық материалдарды талдау жеткілікті деңгейде жүйеленген. Автор құқық қолдану тәжірибесіндегі қайшылықтарды анықтап, оларды шешуге бағытталған тұжырымдар ұсынған. Бұл диссертацияның тек теориялық емес, сонымен қатар қолданбалы сипатқа ие екендігін көрсетеді.

5. Практикалық деректерді қолдану көлемі, оларды талдау сапасы. Қосымша ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау мүмкіндігі, автордың өз тұжырымдары мен ұсыныстарының болуы.

Жұмыста практикалық деректер жеткілікті көлемде қолданылған. Автор әртүрлі сатыдағы бірқатар сот шешімдерін, заңнаманы қолдану мәселелерін және нақты құқықтық жағдайларды талдай отырып, қорытындылар жасаған. Қосымша материалдар, салыстырмалы мәліметтер және шетелдік тәжірибе жан-жақты бағаланған. Автордың қорғауға ұсынылған ережелері ғылыми жаңалық талабына сәйкес келеді және оның дербес ғылыми ұстанымын білдіреді. Диссертацияда жасалған тұжырымдар жеткілікті дәрежеде негізделген және олардың практикалық қолдану мүмкіндігі бар.

6. Жалпылау, тұжырымдар мен ұсыныстардың қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының объективті қажеттіліктеріне сәйкестігі, оларды нақты өмірде қолдану мүмкіндігі.

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы борышкер мәмілелерін жарамсыз деп тану институтының құқықтық табиғатын тереңірек ашуында және оның төлем қабілетсіздігі құқығы жүйесіндегі орнын нақтылауында көрінеді. Зерттеу нәтижелері мәміле жарамсыздығының жалпы азаматтық-құқықтық негіздері мен банкроттыққа тән арнайы негіздердің арақатынасын түсіндіруге, осы саладағы ұғымдық аппаратты нақтылауға және құқықтық доктринаны одан әрі дамытуға ықпал етеді.

Жұмыстың практикалық маңызы автор ұсынған қорытындылар мен ұсыныстарды оңалту және банкроттық туралы заңнаманы жетілдіруде, сот және әкімшілік практикада, сондай-ақ банкроттық рәсімдерін жүргізуге қатысатын тұлғалардың қызметінде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Диссертация материалдары құқық қолданушылар үшін борышкер мәмілелерін даулауға байланысты істерді қарауда пайдалы болуы мүмкін.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында азаматтық құқық, кәсіпкерлік құқық, банкроттық құқығы пәндерін оқытуда, ғылыми зерттеулер жүргізуде, сондай-ақ заңгерлердің, судьялардың және банкроттық рәсімдері әкімшілерінің біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болады.

7. Жалпы мазмұны, көлемі және рәсімделуі бойынша докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкестігі.

Копжасарова Сагынгуль Избасаровнаның диссертациясы мазмұны, көлемі және рәсімделуі бойынша докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға

сәйкес келеді. Жұмыс ғылыми стильде жазылған, құрылымы жүйелі, мазмұны логикалық тұрғыдан тұтас және зерттеу нәтижелері тиісті түрде рәсімделген.

8. Автордың жеке шығармашылық дербестігінің деңгейі.

Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейдегі дербестікпен орындалған. Автор зерттеу тақырыбына қатысты даулы және күрделі мәселелер бойынша өзіндік ғылыми ұстанымын білдірген, оларды теориялық және практикалық тұрғыдан негіздей білген. Жұмыста докторанттың ғылыми әдебиетпен, заңнамамен және құқық қолдану практикасымен өз бетінше жұмыс істеу қабілеті айқын көрінеді. Ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстар автордың дербес ғылыми ізденісінің нәтижесі болып табылады.

9. Жұмыстың сипаттамасы.

Диссертация өзекті ғылыми мәселені қамтитын, аяқталған, ішкі бірізділігі сақталған зерттеу болып табылады. Жұмыста теориялық талдау мен практикалық бағдар жеткілікті деңгейде ұштасқан. Автордың қорытындылары мен ұсыныстары ғылыми жаңашылдығымен және қолданбалы маңызымен ерекшеленеді. Сонымен қатар диссертацияда борышкер мәмілелерін жарамсыз деп танудың арнайы негіздерінің құқықтық табиғаты, олардың жалпы азаматтық-құқықтық негіздермен арақатынасы, қолданылу шектері және құқықтық салдарлары бойынша маңызды ғылыми тұжырымдар жасалған.

10. Қорғауға жіберу жөніндегі ұсыныстар.

Сонымен, Копжасарова Сағынгуль Избасаровнаның «Оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізудегі борышкердің мәмілесінің жарамсыздығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өз бетінше орындалған, ішкі біртұтастығы сақталған, аяқталған зерттеу болып табылады әрі теориялық құндылығы мен практикалық маңыздылығы жағынан философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Сондықтан диссертациялық жұмысты жария қорғауға жіберуге болады, ал автор «8D04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесші:

«Е.А. Бөкетов атындағы

Қарағанды ұлттық

зерттеу университеті» КеАҚ

заң факультетінің Азаматтық

және еңбек құқығы кафедрасының

профессоры, з.ғ.к., профессор

ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН

Нукушева А.А.



Нукушева А.А.

